

Маңызды стратегиялық мәні бар қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 25 наурыздағы N 228 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Reed Smith Richards Butler LLP" компаниясы (Лондон, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Кұрама Корольдігі) "Rumeli Telekom A.S." және "Telsim Mobil Telekomunikasyon Hizmetleri A.S." компанияларымен төрелік сот талқылауында сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру жөніндегі заң қызметтерін көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

2007 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды ;

осы қаулыға сәйкес, пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 3, 4-тармақтарын орындауды;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі